

ша «Алғыс айту- парызым» атты іс-шаралар өткізілді. 26-ақпанда Ұланбасы Шөптібаева Диана «1 наурыз-Ал айту күні» қабырға плакатын дайындады және сонда «Ал қабырғасы» орнатылып, оған оқушылар өздерінің хаттар тілектерін жазды.

Сынып жетекшілері «Алғыс күні – бейбітшілік келісім күні» деген атпен сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағаттарының басты мақсаты - еліміздің басты қозғау күші – қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді сақтау – Қазақ елінің алдында тұрған басты міндет екендігін оқушыларға жеткізу, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Ахметова және музыка мұғалімі Г.Ф.Вист «Ш жүректен алғыс айтамын!» атты кездесу кеші мен дөңгелек үстел, мерекелік концерт ұйымдастырды. Мерекелік концерт барысында қонақтар назарына слайд, бейнебаяндар ұсынылды.

ЖЫРҒА ҚҰМАР ЖАС

Жуырда Краснояр орта мектебінде қазақ поэзиясының ақиығы Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай мәнгерлер оқудан «Жырлайды жүрек» атты сайыс өткізілді. Оған 1-8 сынып оқушылары қатысып, ақынның өлеңдерін жатқа оқыды. Сайысқа қатысқан оқушылардың бәрі марапатталды.

Атап айтқанда 7-8 сынып оқушылары Г.Сұлтанова мен А.Қабдолла эстрадалық вокалдан ақынның сөзіне жазылған әндерді орындап бас жүлдені иеленді. Оқушылар ғасырда бір туатын дарабоз ақынның өлеңдерін мәнгерлеп оқыды. Бастауыш сынып оқушыларының арасынан С.Рахметолла мен Е.Смағұл бас жүлдеге ие болды 7 «А» сынып оқушысы Рафаилова Гүлназ да бас жүлдемен марапатталды. Бас жүлдеге

ие болған оқушы өтетін сайысқа жеткізіліп оралды. Аудан №6 орта мектебінің бөлімінің әдісі Далабайқызының өткен еді. Аудан сынып оқушысы «Көркем сөз» бөлімінен оқудан топ жақанжығасына бай Ақиық ақын мәнгерлеп оқуда сөзін деген қызығушы Ауданнан топ жақанжығасына бай Рафаилова Гүлназ мақсат қоя білу қабілетін жыл күттім! Қайырымды жатқа оқып, байқаймын,-деп алды. Мен 1-сыныпта оқитын рет «Үш бақытың

Архивтік анықтамалар беру

Ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін көтеру маңыздылығын ерекше атап көрсетіп келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы – мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші болатынын және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде халыққа тікелей бағдарлануы тиімділігін айқындап берді.

Мемлекеттік қызметтер өтініш бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметке өтініш қабылдайтындар: «Электронды үкімет порталы» (e.gov электрондық үкімет порталы), көрсетілетін қызметті беруші және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (халыққа қызмет көрсету орталықтары). Халыққа қызмет көрсету орталықтары – сапа мен уақыт үнемділігін, қызметтердің қолжетімділігін басты қағидатына айналдырған мекемелердің бірі. ХҚКО арқылы көрсетілетін қызметтердің түрі уақыт өткен сайын ұлғайып келеді. Осы қызметтердің бірі «Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік қызметі. «Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік қызметін біздің ауданда Ақмола облысының архивтер мен құжаттамалар басқармасының «Целиноград ауданының мемлекеттік архиві» КММ көрсетеді.

«Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі әрі өтінішпен қоса өткізілетін құжаттардың тізімі стандарт пен регламент негізінде айқындалады («Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 138 бұйрығы, «Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 1 шілдедегі № А-7/294 қаулысы).

«Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет жайында толық кеңесті 8-71651-30-574 телефонынан ала аласыздар.

М. ӘМІРЖАНОВА.